

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru

alatau\_gazeti

alatau\_gazeti

МАСҚАРА!

## 28 ПАНФИЛОВШЫНЫҢ АТЫ- ЖӨНДЕРІНДЕ ҚАПТАҒАН ҚАТЕ!



**9 мамыр - Ұлы Жеңіс күнін  
үлкен салтанатпен атап  
өттік. Солай болуы керек-  
ақ! Сән-салтанатпен  
безендірілген қаланың  
мерекелік көңіл-күйді одан  
бетер көтере түсетін  
безендірілуінде шек жоқ.  
Тамаша!**

Жеңіс күніндегі сондай көтеріңкі көңіл-күйімді Назарбаев даңғылы мен Абай көшесінде орналасқан түрлі-түсті паннолардағы айтпасқа болмайтын мына жайттар басып тастады.

Соғыс және тыл ардагерлері туралы мәліметтер әсемделіп берілген екен. Алайда суреттері бұлғыр болып көрінді. Жарайды, архивтерден алынған суреттер ғой, нақты бейнелер жыл өткен сайын түсі ескіреді, – деп түсіністікпен қарадым. Тарихшы болған соң қойылған панноларды мұқият қарап шықтым.

меңгерушісі Айдар Нұрланұлы мені тындап болған соң, қасына тағы бір қызметкерін ертіп, алаңда тұрған паннодағы қателерді көрсеттім. Көрді. Айдар Нұрланұлы үндемеді, қасындағы пысықай маған: «аға, бұл сурет қой!» - деді.

– Бұл сурет емес, бұл КСРО Жоғарғы Кеңесінің Кеңес одағы батыры деген атақты Қазақстанның 28 панфиловшы жауынгерлеріне беру туралы бұйрығы, – дедім. Қатемнен жазылған «суретті» қолымдағы ұялы телефонға түсіріп, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Указының көшірмесін қолыма алып, «Алатау» газетінің редакциясына бердім. Редакция тарапы іле-шала паннолар тұрған орынға барғанда, олар алынып тасталыпты. Әрине, ондай ірі қателерді көргендер бастарын шайқады, көрмегендер болса тіпті жақсы, – деп қаланы осындай өрескел қатемнен безендіргендер үшін үндемеу – ең жақсы вариант шығар.

Осы орайда айтпағым көп еді, бірақ тоқ етері, мынадай кемшіліктер саяси жауапсыздық па, әлде жауапты адам жоқ болған соң қазақ бәріне шыдайды деп әдейі жасалған сауатсыздық па? Қайсар рухты 28 панфиловшы батырымыздың аты-жөнін ең құрығанда Жеңіс күні дұрыс жаза алмағанымыз, масқара деп есептеймін!

Қатесі бар көшеге ілінген панно мен Указың дұрыс көшірмесін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім. Өйткені бұл өсіп келе жатқан ұрпаққа керек. Кеңес Одағының батыры МҰСАБЕКОВ Сеңгірбайды өсер ұрпақ СВИСТУНЕНКУ МИСАВКУ емес, МҰСАБЕКОВ Сеңгірбай деп білсін! ҚОЖАВАТЧЕНКОВ ЯКОВ емес ҚОЖАБЕРГЕНОВ Асқар деп білсін!

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,  
тарихшы, өлкетанушы

КЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ БАСКАРУШЫ ЖӘНЕ ҚАТАРДАҒЫ СОСТАВЫНА СОВЕТТЕР ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының  
УКАЗЫ

Неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін және бұл істе ерлік, батырлық көрсеткені үшін төменде аты аталғандарға Ленин ордені және «Алтын Жұлдыз» медалін тапсырумен қатар Советтер Одағының Батыры деген атақ берілсін:

1. Кызыл әскер Анаьев Николай Яковлевиче
2. Кызыл әскер Безродный Григорийға
3. Кызыл әскер Болотов Николай Никоноровича
4. Кызыл әскер Бондаренко Яков Александровича
5. Кызыл әскер Васильев Илларион Романовича
6. Сержант Добробабин Иван Евстафьевича
7. Кызыл әскер Дутов Петр Даниловича
8. Кызыл әскер Емцов Петр Кузьмича
9. Кызыл әскер Есболатов Нарсұтбайға
10. Кызыл әскер Келейников Дмитрий Митрофановича
11. Кызыл әскер Қосаев Әлікбайға
12. Политрук Клочков Василий Георгиевича
13. Кызыл әскер Кожабергенов Асқарға
14. Кызыл әскер Конкин Григорий Ефимовича
15. Кызыл әскер Крючков Абрам Ивановича

16. Кызыл әскер Максимов Николай Гордеевиче
17. Үлкен сержант Митин Гаврил Степановича
18. Кызыл әскер Митченко Николайға
19. Кызыл әскер Москаленко Иван Васильевиче
20. Кызыл әскер Натаров Иван Моисеевиче
21. Кызыл әскер Петренко Григорий Алексеевиче
22. Кызыл әскер Сеңгірбаев Мұсабекке
23. Кызыл әскер Тимофеев Дмитрий Фомича
24. Кызыл әскер Шадрин Иван Демидовича
25. Кызыл әскер Шапоков Душанкулға
26. Кызыл әскер Трофимов Николай Игнатьевиче
27. Кызыл әскер Шемякин Григорий Михайловиче
28. Кызыл әскер Шепетков Иван Алексеевиче

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі  
М. Калинин.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі  
А. Горкин.

Москва, Кремль,  
21 июль, 1942 ж.

### Указ Президиума Верховного Совета СССР



О присвоении звания  
Героя Советского Союза  
начальствующему и рядовому  
составу Красной Армии



За образцовое выполнение боевых заданий Командования на фронте борьбы с немецкими захватчиками и проявленные при этом отвагу и героизм присвоить звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали „Золотая Звезда“:

1. Красноармеец **Анаьеву** Николаю Яковлевичу.
2. Красноармеец **Безродному** Григорию.
3. Красноармеец **Волотову** Николаю Никифоровичу.
4. Красноармеец **Бондаренко** Якову Александровичу.
5. Красноармеец **Гасиянцу** Иллариону Романовичу.
6. Сержанту **Донковалину** Ивану Евстафьевичу.
7. Красноармеец **Дутову** Петру Даниловичу.
8. Красноармеец **Емцову** Петру Кузьмичу.
9. Красноармеец **Есболатову** Нарсұтбайға.
10. Красноармеец **Житейникову** Дмитрию Митрофановичу.
11. Красноармеец **Касанову** Аликперу.
12. Политруку **Клочкову** Василию Георгиевичу.
13. Красноармеец **Кожаватченкову** Якову.
14. Красноармеец **Колкину** Григорию Ефимовичу.
15. Красноармеец **Котикову** Авраму Ивановичу.
16. Красноармеец **Максимову** Николаю Герасимовичу.
17. Старшему сержанту **Митяину** Гаврилу Степановичу.
18. Красноармеец **Митченко** Николаю.
19. Красноармеец **Москаленко** Ивану Васильевичу.
20. Красноармеец **Печаеву** Ивану Моисеевичу.
21. Красноармеец **Петренко** Григорию Алексеевичу.
22. Красноармеец **Свистуненку** Мисавку.
23. Красноармеец **Тимофееву** Дмитрию Фомичу.
24. Красноармеец **Трофимову** Николаю Игнатьевичу.
25. Красноармеец **Шадрину** Ивану Демидовичу.
26. Красноармеец **Шапокову** Душанкулға.
27. Красноармеец **Шемякину** Григорию Михайловичу.
28. Красноармеец **Шкитманову** Ивану Алексеевичу.

Председатель Президиума Верховного Совета СССР М. КАЛИНИН.  
Секретарь Президиума Верховного Совета СССР А. ГОРКИН.  
Москва, Кремль, 21 июля 1942 г.

### ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

Газетіміздің өткен санындағы 8–9 беттерде жарияланған мақалада техникалық қателік орын алды. Оқырмандардан кешірім сұраймыз және жауапты қызметкерге тиісті шара қолданылғанын хабарлаймыз.

## БАСПАСӨЗ - 2026

**Жазылу базасы:**

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

**Цена подписки:**

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.

«АЛАТАУҒА»  
ЖАЗЫЛУДЫ  
ҰМЫТПАДЫҢ БА?



# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

## АМЕРИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ЕЛШІ БОЛДЫ

Әсел РОБЕРТС АҚШ-тың Словениядағы Елшісі болып тағайындалды. Ол Америка тарихында дипломатиялық жоғары қызметке тағайындалған тұңғыш қазақ қызы.

Жамбыл топырағында дүниеге келген Әсел Теленова Алматы қаласындағы орта мектепті бастап кейін АҚШ-қа қоныс аударып сол жақта бітірген. Джорджтаун университетінің Дипломатиялық қатынастар факультетін тәмамдаған.

Әсел Қалиқызы 1999 жылдан бері мемлекеттік қызметте.

## ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ

Қазақстанда жаңа Салық кодексі аясында кәсіпкерлерге арналған бірқатар жеңілдіктер енгізілді. Енді аз көлемдегі салық қарызы үшін бірден шот бұғаттау немесе мүлкті тәркілеу секілді қатаң шаралар қолданылмайды.

Жаңа тәртіп бойынша, егер берешек 20 АЕК-тен аспаса, салық төлеушіге тек ескерту хабарламасы жіберіледі. Ал қарыз көлемі артқан жағдайда ғана кезең-кезеңімен мәжбүрлі өндіріп алу шаралары іске қосылады.

Сонымен қатар, мемлекет 792 борышкердің 135 млн. теңге өсімпұлы мен 114,5 млн. теңге айыппұлын есептен шығаруды жоспарлап отыр.

Жаңа кодекс кәсіпкерлерге салықты бөліп төлеу мен кейінге қалдыру мүмкіндігін де қарастырады. Сарапшылардың пікірінше, бұл өзгерістер бизнеске түсетін әкімшілік қысымды азайтып, кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған.

## ФИТОСАНИТАРЛЫҚ НАУҚАН

Жетісу облысында ауыл шаруашылығы алқаптарын шегіртке зиянкестерінен қорғау бағытында фитосанитарлық науқан жалғасып жатыр. Өңірде жалпы көлемі 133 мың гектардан астам жерді өңдеу жоспарланған. Қазіргі таңда фитосанитарлық жұмыстар белсенді кезеңге өтіп, бұл ретте өнімділігі жоғары арнайы техникалар мен заманауи химиялық препараттар қолданылуда.

Өңір үшін үйірлі зиянкестердің 2 түрінен қауіп туындауы болжанған: италиялық прус шегірткесі 66 мың гектардан астам аумақта тіркеліп, өңдеу жоспарланған, ал азиялық көшпелі шегірткеден 25 мың гектар жер өңделеді. Ал үйірсіз зиянкестер қоныстанған аумақ көлемі 42,3 мың гектарды құрайды. Олар аса жылдам таралмағанымен ауыл шаруашылығы жануарларының жем-шөбін азайту шығындарын болдырмау үшін оларды жүйелі түрде жойып отыру қажет. Зиянкестердің егіс алқаптарына таралуына жол бермеу мақсатында өңірде өңдеу жұмыстары мамыр айының басында басталды.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ 94 ПАЙЫЗЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Жетісу облысында биыл 1-10 сынып аралығындағы 124 мыңнан астам оқушының 94 пайызы жазғы демалыс және сауықтыру шараларымен қамтылады. Оның ішінде 93 мыңнан астамы – ауыл балалары.

Жазғы маусымда өңірде 11 сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Қала сыртындағы лагерьлерде 10 мыңнан астам бала демалады. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 454 млн. теңгеден астам қаржы бөлінген.

Сонымен қатар оқушылардың басым бөлігі мектеп жанындағы алаңдарда демалып, «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы тәрбиелік және танымдық жобаларға қатысады. Жаз мезгілінде 40 мыңға жуық бала өңірдің көрікті жерлері мен ұлттық саябақтарына экскурсияға барады.

Мамандардың айтуынша, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде.

## АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бөзіл азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді. Қабылдауға келген қала тұрғындары жер учаскелерінің қажеттілігі, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру, шағын және орта бизнесті қолдау, ескі электр бағаналарын ауыстыру мәселелерін көтерді.

Сондай-ақ балалар ойын алаңы мен шағын футбол алаңын салып беру жөнінде өтініштерін білдірді. Қала әкімі әрбір өтінішті мұқият тындап, көтерілген мәселелерді жан-жақты зерделеді. Әрбір сұрақ бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалуын тұрақты бақылауға алу тапсырылды.

## «РУХЫ БИІК ЕЛІМІЗДІҢ ЖАС ҰРПАҒЫ»

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы «Алтынкөл» (теміржолдық) және ШЫХО «Қорғас» шекаралық бақылау бөлімдерінің әскери қызметшілері Жаркент қаласындағы Жайлы орта мектебінде өткен «Рухы биік еліміздің жас ұрпағы» тақырыбындағы оқу семинарына қатысты.

Іс-шараға Жетісу облысы білім басқармасының өкілдері мен облыс бойынша алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері қатысты.

Семинар барысында жастарға патриоттық тәрбие беру, әскери қызметтің маңыздылығын түсіндіру және ескелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Кездесу тәжірибе алмасу мен әскери-патриоттық бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге бағытталды.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ – АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫ



Астанада өткен «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» халықаралық симпозиумы - тек ғылыми жиын ғана емес, тарихи жадымызды жаңғыртқан тағылымды кеңістік болды.

Бүгінде Алтын Орда тарихына жаңаша көзқарас қалыптастыру - өткенді дәріптеу емес, болашаққа берік рухани негіз қалау. Себебі Жошы Ұлысы дәуірі - Ұлы Даладағы халықаралық рәлінің артып келе жатқанын көрсетеді және түркі әлемінің ортақ рухани кеңістігінің айқын көрінісі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, тарихты саяси құралға емес, халықтарды жақындастыратын құндылыққа айналдыру - бүгінгі буынның маңызды міндеті.

Өлемнің 20-дан астам елінен келген ғалымдар мен сарапшылардың Астанада бас қосуы - Қазақстанның Алтын Орда мұрасын зерттеу мен насихаттаудағы халықаралық рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Жошы хан кесенесі, Сарайшық, Сығанақ, Сауран, Жанкент секілді тарихи орындардың әлемдік мұра деңгейінде танылуы - ұлттық тарихқа көрсетілген құрметтің нақты көрінісі.

Симпозиум аясында қабылданған Астана декларациясы - тарихи жадыны сақтау, мәдениетаралық диалогты нығайту және ортақ мұраны халықаралық деңгейде дәріптеу бағытындағы маңызды қадам болды.

Бұл бастама ғылым мен гуманитарлық ықпалдастықты тереңдетіп қана қоймай, келешек ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды жаңаша пайымдауға жол ашады.

Алтын Орда - тек өткен дәуірдің атауы емес. Ол - бірлік пен мемлекеттіліктің, мәдени сабақтастық пен рухани тұтастықтың символы.

Амангелді ЕСБАЙ

## АҚСУ АУДАНЫ

# «НАЛҮК ӘУЕНІ» КОНЦЕРТТІК ГАСТРОЛЬДІК ТУРЫ ӨТЕДІ

Жансүгіров ауылында қазақстандық танымал өнер ұжымдары көрерменге мерекелік концерт ұсынады.

2026 жылғы 22 мамыр күні сағат 18:00-де Жансүгіров ауылы тұрғындары мен қонақтарына «Налук әуені» концерттік гастрольдік туры ұсынылады. Мәдени кеш Молықбай Байсақұлы атындағы Ақсу аудандық мәдениет үйі ғимаратында өтеді.

Концерт аясында «Camerata Kazakhstan» мемлекеттік классикалық музыка ансамблі мен Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры солистері өнер көрсетеді. Бағдарламада әлемдік классикалық шығармалармен қатар, қазақтың ұлттық музыкалық мұрасы және заманауи туындылар орындалады.

Ұйымдастырушылар өнерсүйер қауымды жоғары деңгейдегі музыкалық кешке қатысуға шақырады. Кіру тегін.



ӨЗ ТІЛШІМІЗ

# ӨТКЕННІҢ ІЗІ - БОЛАШАҚТЫҢ ТІЛІ

Мамыр айының 18 жұлдызында Жетісу облысының Мұхаметжан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған Халықаралық музейлер күніне арналған «Өткеннің ізі – болашақтың тілі» атты мәдени іс-шара өтті. Шара барысында келушілер музей залдарындағы жәдігерлерді тамашалап, қызығушылықпен танысты.

Табиғат залында ата-аналар балаларымен бірге экспозицияларды көрсе, музей дәлізінде Назарбаев Зияткерлік мектебі, Политехникалық колледжі және жеке меншік «Робототехника мектебі» өз туындыларын ұсынды. Робототехника мектебінің директоры Дәулет Жақенов оқушылар жасаған жобаларды таныстырып, олардың өздеріне түсіндіруге мүмкіндік берді.

Көне және ортағасыр тарихы залының жәдігерлері жайлы музей қызметкері Нұрасыл Бегенов кеңінен мәлімет берді. Сонымен қатар, жасанды интеллект көмегімен тас және ғұн дәуіріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігі көрсетілді.

Этнографиялық залда Шоқан Уәлиханов, Шыңғыс Уәлиханов, Қожанбет Ебейұлы секілді тарихи тұлғалар мен ҰОС батырлары, сондай-ақ Кәкімжан Қазыбаев, Бейсен Құранбек туралы мәліметтер таныстырылды.

Шарада дәстүрлі тарихи мұра мен заманауи технологияларды ұштастырған роботтар көрмесі мен жасанды интеллектке арналған бөлімдер келушілерге ерекше әсер сыйлады.

Сембек ӘБДІ-РАХМАН



# СТУДЕНТ ӨЛІМІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Талдықорғанда 20 жастағы студенттің қаза болуына байланысты тергеу амалдары жүргізілуде.

Әлеуметтік желіде Талдықорған қаласында 20 жастағы студенттің қаза тапқаны туралы ақпарат тарады. Мәліметке сәйкес, қайғылы оқиға 7 мамыр күні футбол матчын бірге көріп отырған жастар арасындағы жанжалдан кейін болған.

Марқұм Жанғыр Нұрланұлы сол күні кешке достарымен футбол көру үшін танысының үйіне барған. Әлеуметтік желідегі ақпаратқа сүйенсек, отырыс барысында жастар арасында келіспеушілік туындап, арты қайғылы жағдайға ұласқан. Алдын ала дерек бойынша, 17 жастағы жасөспірім студентке пышақ жарақатын салған. Жас жігіт алған жарақатынан көз жұмған.

Жетісу облысы полиция департаменті аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалғанын растады. Ведомство мәліметінше, күдікті ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалған. Сот санкциясымен оған қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған.

Қазіргі уақытта оқиғаның барлық мән-жайын анықтауға бағытталған жан-жақты тергеу амалдары жүргізілуде. Полиция істің тергеуі департамент басшылығының бақылауында екенін хабарлады.



«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

# УРОВЕНЬ ДОВЕРИЯ ПРЕЗИДЕНТУ КАЗАХСТАНА ДОСТИГ 86,7%

Доверие граждан Казахстана главе государства зафиксировано на отметке 86,7%, свидетельствуют итоги социологического исследования, выполненного Казахстанским институтом стратегических исследований при президенте РК в апреле-мае 2026 года – передает «Восточный экспресс».

Наиболее высокую лояльность проявила молодежь — 91,4%.

Разрыв между городским и сельским населением практически отсутствует: 86,9% и 86,7% соответственно. Природа доверия, однако, различается. Жители сёл чаще взаимодействуют с государством через инфраструктурные инициативы и социальные выплаты, тогда как горожане оценивают системные изменения в управлении и экономике. Опрос проводился с 10 апреля по 10 мая 2026 года. В нём участвовали 8 тысяч респондентов старше 18 лет из 17 областей, а также Астаны, Алматы и Шымкента. Методология исследования обеспечила репрезентативность выборки по всем ключевым социально-демографическим параметрам.



Николай ИЛЬЯСОВ

# КАЗАХСТАН ВОЗГЛАВИЛ КОРИДОР ЕВРОПА - КАВКАЗ - АЗИЯ



В Астане прошло XVIII заседание межправительственной комиссии TRASECA (Европа – Кавказ – Азия), по итогам которого Казахстан принял председательство в организации от Ирана, сообщает Exclusive.kz со ссылкой на министерство транспорта РК.

ТРАСЕКА является одним из ключевых международных транспортных коридоров, соединяющих страны Европы, Кавказа и Азии. Участниками соглашения являются 14 государств: Азербайджан, Армения, Болгария, Грузия, Иран, Казахстан, Кыргызстан, Молдова, Румыния, Таджикистан, Туркменистан, Турция, Узбекистан и Украина. Участники встречи обсудили развитие маршрутов между Европой и Азией, цифровизацию перевозок. Цель инициативы – снижение административных барьеров и сокраще-

ние времени в пути по коридору TRASECA.

# СЕНАТ США УТВЕРДИЛ УРОЖЕНКУ КАЗАХСТАНА НА ВЫСОКУЮ ДОЛЖНОСТЬ

Сенат США утвердил кандидатуру Асель Робертс на должность американского посла в Словении, передаёт Tengrinews.kz.

Отметим, что она стала первой этнической казашкой в истории Соединённых Штатов, утверждённой в должности посла. В управлении шефа протокола Асель Робертс занимала различные должности, включая исполняющую обязанности шефа протокола, заместителя помощника руководителя по визитам и сотрудница протокольной службы по дипломатическим вопросам. Она также работала в Белом доме в аппарате вице-президента США. Она окончила школу дипломатической службы Эдмунда Уолша при Джорджтаунском университете, получив степень бакалавра в области международного права и международных организаций. Владеет казахским, английским, русским и японским языками.



# ЧТО ЗАПРЕТИЛИ ШКОЛАМ КАЗАХСТАНА

20 мая 2026 года, пресс-служба Министерства просвещения (МП) Казахстана распространила важное обращение, адресованное родителям выпускников, сообщает Zakon.kz.

Из него следует, что во всех школах страны подходит к завершению 2025-2026 учебный год и в соответствии с совместным приказом и постановлением Минпросвещения и местных исполнительных органов: запрещается проведение торжественных мероприятий в организациях дошкольного, среднего, технического и профессионального образования, а также послесреднего образования в ресторанах, кафе, банкетных залах, на базах отдыха и на природе. -не допускается сбор денежных средств с родителей, законных представителей и обучающихся, а также требование подарков и иных материальных ценностей в связи с проведением торжественных мероприятий. «Церемонии вручения аттестатов и дипломов будут организованы исключительно в стенах организаций образования».



Пресс-служба МП РК

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

## ПОЛЬЗА ПЕРЕПЕЛИНОГО МЯСА

Перепелиное мясо перестает восприниматься как праздничный деликатес и уверенно входит в повседневный рацион. При калорийности 230 ккал на 100 граммов оно содержит рекордные 22% белка, опережая по этому показателю куриную грудку. Важным фактором безопасности является устойчивость перепелов к многим инфекциям, характерным для домашней птицы. Это позволяет производителям минимизировать использование антибиотиков при выращивании поголовья. Российские потребители стали чаще отдавать предпочтение утиному мясу из-за его высокой биологической ценности. Врач-биохимик Анна Дивинская отмечает, что утка содержит в полтора раза больше железа, чем индейка, и богата омега-кислотами. Этот продукт помогает укрепить сосуды и восстановить энергию после стрессов, а его цена у фермеров зачастую ниже стоимости магазинного филе.

## 30 ТЫСЯЧ ПРИЗЫВНИКОВ «В БЕГАХ»

С началом весенней призывной кампании в Казахстане участились жалобы на задержания молодых людей призывного возраста прямо на улицах. Об этом сообщил «31 канал».

По данным телеканала, в разных регионах страны призывники рассказывают в соцсетях, что их задерживают и доставляют в военкоматы без предварительных объяснений. Один из резонансных случаев произошел в Атырау — там молодых мужчин выводили из игровых клубов и сопровождали в военкоматы сотрудники полиции. Некоторые утверждают, что у них временно изымали телефоны. Юристы напоминают, что процедура призыва должна проходить строго по закону: вручение повестки, явка в военкомат, прохождение медкомиссии и только после этого решение призывной комиссии. Адвокат Евгений Яворский считает, что принудительная доставка с улицы может нарушать право граждан на свободу передвижения. По его словам, официальные уведомления сейчас чаще всего направляются через сервис 1414.

## В СТРАНЕ НЕ ХВАТАЕТ ВРАЧЕЙ УЗКОГО ПРОФИЛЯ

В Казахстане с начала года сохраняется дефицит кадров по некоторым востребованным профессиям, сообщили в Министерстве труда и социальной защиты населения.

По данным портала Enbek.kz, по профессии «акушер-гинеколог» на 469 вакансий приходится 100 резюме, «педиатр» – 448 вакансий и 139 резюме, «анестезиолог-реаниматолог» – 300 вакансий и 75 резюме. Дефицит отмечается и среди онкологов, неонатологов, эндокринологов. При этом значительное число вакансий приходится на специалистов в сфере информационных технологий – программистов приложен (509 вакансий) и графических дизайнеров (355 вакансий). В министерстве отметили, что отечественный рынок труда в целом обеспечивает потребность в специалистах по большинству востребованных профессий, однако сохраняется устойчивый дефицит кадров в сфере здравоохранения. Данный текст скопирован с сайта Informburo.kz

## ОКОЛО 300 МЛН ТЕНГЕ ВЫДЕЛИЛИ НА СУБСИДИРОВАНИЕ АВИАРЕЙСОВ НА АЛАКОЛЬ

На субсидирование авиарейсов из Алматы и Астаны в Ушарал (область Жетысу) в 2026 году из республиканского бюджета выделили 289 млн тенге. Как следует из доклада и.о. председателя комитета индустрии туризма МТС РК Нурбола Байжанова, добраться самолетом из этих городов на озеро можно будет с июня по август. Выполнять авиарейсы будет компания SCAT. Самолеты на озеро начнут летать по понедельникам, пятницам, субботам и воскресеньям. Передаёт Kursiv LifeStyle. Стоимость билета в обе стороны не превышает 20 тыс. тенге. Добраться на озеро можно будет летом и по железной дороге: поезда будут отправляться из Астаны, Алматы, Усть-Каменогорска, Кызылорды, Семей и Актогая.

## В ЖЕТИСУ НАЗВАЛИ 4 БЕЗОПАСНЫХ МЕСТА ДЛЯ КУПАНИЯ: СЕЗОН СТАРУЕТ 1 ИЮНЯ

ДЧС назвал четыре разрешённых места для отдыха на воде, передаёт tinfo.kz.

Департамент по чрезвычайным ситуациям региона назвал четыре разрешённых места для массового отдыха на воде. К ним относятся городской пляж Талдыкоргана, побережья Акви и Коктума в Алакольском районе, а также часть озера Балхаш в Саркандском районе.

Купаться следует только на оборудованных пляжах, не заходить в незнакомые места и обязательно следить за детьми у водоёмов, сообщили в ведомстве. При этом запрещается купаться в нетрезвом состоянии и заплывать за буйки. Спасатели призывают использовать плавательные средства и обращать внимание на предупреждающие знаки. При возникновении ЧС следует звонить по номеру 112.

## В ЖЕТИСУ СНИМАЮТ ФИЛЬМ О ВЕЛИКОМ УЧЁНОМ

Казахстанский журналист и продюсер Майя Бекбаева приступила к съёмкам художественно-документального фильма о Шокане Уалиханове, чья жизнь тесно связана с Жетису, передаёт tinfo.kz, со ссылкой на vestnik19.kz.

Казахстанский журналист и продюсер Майя Бекбаева начала съёмки художественно-документального фильма о Шокане Уалиханове, чьи последние годы жизни прошли в области Жетису. Проект 2026 года расскажет о великом казахском учёном, путешественнике и просветителе, который похоронен в Кербулакском районе.

К работе над картиной привлекли историков и шоковедов для обеспечения максимальной достоверности. Поддержку создателям фильма оказывает Фонд президентских инициатив «Dara», содействующий развитию культурных проектов. Цель картины – показать жизнь и научную деятельность одной из выдающихся личностей Казахстана.

(Все материалы взяты из открытых источников)

# КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

## НАЗАРҒА АЛЫНДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН  
ҚАЛАСЫНДАҒЫ  
ГАУҺАР АНА МЕН  
АБАЙ КӨШЕЛЕРІНІҢ  
ҚИЫЛЫСЫНДА  
ОРНАЛАСҚАН ЖАҢА  
БАЗАР ТӨНІРЕГІНДЕГІ  
МӘСЕЛЕЛЕР ТАҒЫ ДА  
КӨТЕРІЛДІ. БҰҒАН ДЕЙІН  
ГАЗЕТИМІЗДІҢ 9 МАМЫР КҮНІ  
ШЫҚҚАН №18 САНЫНДА  
БАЗАРДАҒЫ АЗҒАНТАЙ  
САТУШЫЛАРДЫҢ ӨКПЕ-  
НАЗЫ МЕН ҚОРДАЛАНҒАН  
МӘСЕЛЕЛЕРІН «БАЗАР  
БАР, ХАЛЫҚ ЖОҚ» ДЕГЕН  
МАҚАЛАДА ЖАЗҒАН  
БОЛАТЫНБЫЗ.

Осы мақаладан кейін 15 мамыр күні сағат 10:00-де «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты» АҚ басқармасында арнайы жиын өтті. Жиынға базар инвесторы мен сатушылар қатысып, басқарма төрағасы Асылан ШАЙХАЗИМОВТЫҢ атына ресми арыз тапсырды.

Арызда базар маңында кәсіп жүргізіп отырған тұрғындар мен сатушылар қазіргі таңда туындап отырған өзекті мәселелерді көтерді. Олардың айтуынша, инвестор Саржан Ержұманов халыққа жағдай жасау мақсатында базар салып, кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп келеді. Атап айтқанда, алты ай бойы сатушылардан жалдау ақысы мен салық төлемдерін талап етпей, халықтың жағдайын ескерген. Алайда соған қарамастан, базардың қалыпты

жұмыс істеуіне кедергі келтіріп отырған мәселелер әлі күнге дейін шешімін таппаған.

Кәсіпкерлердің айтуынша, бұған дейін қала әкімі базар маңындағы кемшіліктерді түзетемін деп халық алдында уәде берген. Бірақ бүгінгі күнге дейін нақты нәтиже байқалмайды.

Жиында көтерілген негізгі мәселелердің бірі – базар маңында үлкен автотұрақтың жоқтығы. Келушілер көліктерін

қоятын орын таппай, базарға кірмей кері қайтуға мәжбүр. Сонымен қатар, жол бойындағы сары жолақтардың алынбауы көлік қозғалысына да, сауда жұмысына да кедергі келтіріп отыр.

Сондай-ақ, тұрғындар бұрын Гауһар ана көшесі бойымен қатынаған №28 және №29 автобус бағыттарының тоқтатылғанына наразылық білдірді. Олардың пікірінше, қоғамдық көліктің азаюы халықтың базарға қатынауын



қиындатып жіберген.

Бұдан бөлек, Көксу және Ескелді аудандарынан қатынайтын қоғамдық көліктердің бос келіп, бос қайтып жатқаны да айтылды. Себебі базар маңында халыққа қолайлы жағдай жасалмаған. Жиынға келгендер орталықтағы ГУМ сауда үйінің төңірегіне қоғамдық көліктердің бейберекет тоқтауына шектеу қоятын белгілер орнатуды ұсынды.

Базар әкімшілігі Балпық би ауылына қатынайтын қоғамдық көлік жүргізушілері әлі де сол маңайда тұрып, жолаушылар жинайтынын айтып, арнайы суреттер жолдаған. Олар бұл аумақта қоғамдық көліктердің ретсіз тұруына тыйым салынса деген ұсыныстарын жеткізді.

Осы аталған мәселелердің салдарынан базарға адам аз келеді, сауда тоқырап, кәсіп иелері шығынға батып жатыр.

Қысқаша айтқанда кәсіпкерлер талабы мынадай:

1. Базар маңынан кең автотұрақ ұйымдастыруды;
2. сары жолақтарға қатысты мәселені шешуді;
3. №28 және №29 автобус бағыттарын қайта іске қосуды;
4. базардың қалыпты жұмыс істеуіне қажетті инфрақұрылымды реттеуді;
5. халыққа берілген уәделердің орындалуын бақылауға алуды сұрады.

Жиын соңында «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты» АҚ басқармасының жауапты мамандары айтылған арыз-шағымдар назарға алынатынын, көтерілген мәселелер қаралып, тиісті шаралар жасалатынына уәде берді.

«Алатау» газеті осы аталған түйінді мәселелердің шешілуін өз назарында ұстап, оқырманға хабарлаймыз.

# 6 МЫҢНАН АСА АДАМ ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІГІН ЖАПҚАН

**Қазақстанда жаңа Салық кодексі аясындағы өзгерістер кәсіпкерлік саласына да әсер ете бастады. Соңғы жарияланған мәліметке сәйкес, ел бойынша 207 мыңнан астам шағын бизнес субъектісі қызметін тоқтатыпты. Оның ішінде Жетісу облысының үлесінде 6095 жұмысын тоқтатқан кәсіпкер бар.**

Мамандар бұл көрсеткішті тек бизнестің тоқырауымен байланыстырмайды. Өйткені жаңа кодекс қабылданғаннан кейін салық жүйесі айтарлықтай өзгеріп, бұрынғы 7 түрлі режимнің ор-

Соңғы көрсеткіштер туралы да Жетісу облыстық кірістер департаментінің мамандарына сауал жолдаған едік.

Жетісу облыстық Мемлекеттік кірістер департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек, өңірде кәсіпкерлік құрылымының өзгеруі анық байқалады. Әсіресе өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар санының артуы осы үрдістің айқын көрінісі.

### КӘСІПКЕРЛЕР САНЫ НЕ ҮШІН ҚЫСҚАРДЫ?

Жаңа Салық кодексі күшіне енгеннен кейін Жетісу облысында жеке кәсіпкерлер саны азайғаны байқалады. Ресми мәліметке сәйкес, 2026 жылдың басынан бері өңірде 6095 жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан. Бұл қоғам арасында жаңа салық жүйесінің бизнеске ықпалы туралы түрлі пікірдің қалыптасуына себеп болды.

Дегенмен департамент мамандары бұл жағдайды тек салықтық өзгерістермен байланыстыруға болмайтынын айтады. Олардың сөзінше, жаңа кодекс аясында есеп беру талаптарының күшеюі мен салықтық өкімшлендірудің қатаюы белгілі бір деңгейде әсер еткені рас. Алайда кәсіпкерлер санының азаюына еңбек нарығындағы өзгерістер де ықпал етіп отыр.

Соңғы уақытта азаматтардың бір бөлігі дәстүрлі жеке кәсіпкер

ретінде жұмыс істеуден гөрі, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға ретінде қызмет жүргізуге көшкен. Бұл қазіргі экономикалық жағдайға бейімделудің бір тәсілі ретінде қарастырылуда.

Ресми дерек бойынша, жаңа Салық кодексі талқыланғанға дейін Жетісу облысында 59 394 жеке кәсіпкер тіркелген болса, бүгінде олардың саны 54 585-ке дейін төмендеген. Ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар саны 6773 адамға жеткен.



Мамандар мұны кәсіпкерліктің тоқырауы емес, бизнес жүргізу формасының өзгеруімен байланыстырады.

Сарапшылардың пікірінше, қазір экономиканың жаңа талаптарға бейімделу кезеңі. Соңғы жылдары цифрлық бақылау жүйесінің күшеюі, салықтық ашықтыққа қойылатын талаптардың артуы және келеңсіз экономиканы азайтуға бағытталған шаралар кәсіпкерлік салаға әсер етуде.

### САЛЫҚ ТҮСІМІНДЕ ӨСІМ БАР

Кәсіпкерлер саны азайғанымен, бюджетке түсетін салық көлемі төмендеген жоқ. Керісінше, өткен жылмен салыстырғанда өсім байқалады.

Жетісу облыстық Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, мемлекеттік бюджетке түскен түсім көлемі 2,5 пайызға артқан. Мәселен, 2025 жылдың 16 маусымында бюджетке 109,9 млрд. теңге түскен болса, 2026 жылдың 18 мамырындағы көрсеткіш 112,6 млрд. теңгеге жеткен. Яғни өсім көлемі – 2,7 миллиард теңге.

Мамандар бұл көрсеткішті өңірдегі экономикалық белсенділіктің сақталуымен және салықтық тәртіптің күшеюімен байланыстырады.

### ЖАҢА САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ ҚАНДАЙ?

Жаңа Салық кодексі аясында салық жүйесін жеңілдету мақсатында бұрынғы 7 режимнің орнына 3 негізгі режим енгізілгенін айтқан едік. Соны естеріңізге сала кетейік.

Бірінші бағыт – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға арналған. Бұл режим жалдамалы жұмысшысы жоқ әрі жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген азаматтарға

бағытталған. Мұнда табыс көлемі 300 айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек. Декларация тапсырылмайды, тек табыстың 4 пайызы көлемінде әлеуметтік төлем төленеді. Барлық рәсім e-Salyq Business жүйесі арқылы жүргізіледі.

Екінші режим – оңайлатылған декларация. Бұл шағын және орта бизнеске арналған. Салық мөлшерлемесі 4 пайыз болып бекітілген. Алайда жергілікті мәслихаттар оны 2 мен 6 пайыз аралығында өзгерте алады. Сонымен қатар бұл режимде қосымша құн салығы мен әлеуметтік салық қарастырылмайды.

Ал үшінші бағыт – шаруа және фермер қожалықтарына арналған арнайы режим. Мұнда салық мөлшерлемесі табыстың 0,5 пайызы көлемінде белгіленген. Сондай-ақ фермерлер жер, көлік және әлеуметтік салықтардан босатылады.

Қорытындылай келе, жалпы Жетісу облысындағы кәсіпкерлер санының өзгеруі жаңа салық жүйесіне бейімделу кезеңімен қатар, еңбек нарығындағы жаңа бағыттардың қалыптасып жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге салық түсімінің артуы өңір экономикасындағы белсенділіктің сақталғанын аңғартады.

Айта кетерлігі, Жаңа Салық кодексінің ережелерін халыққа жеткізіп түсіндіру жұмыстарын осы мәселеге байланысты мемлекеттік орындар белсендірек жүргізіп отырса деген тілек бар.

Олай дейтін себебіміз – осы тақырыптағы оқырмандар сұрағы газет редакциясына жиі келіп тұрады.

**ҚҰРБАН - АРАБ ТІЛІНДЕ «ЖАҚЫНДАУ» ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ, ЯҒНИ ЖАСАҒАН САУАП ІСТЕР АРҚЫЛЫ ЖҮРЕКТІ ТАЗАРТЫП, АЛЛАҒА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСУ. ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ МӘНІСІНІҢ КЕҢДІГІН ҰҒЫНУ ҮШІН ДІННІҢ НЕ ЕКЕНІН, ҚҰЛШЫЛЫҚТЫҢ НЕ ҮШІН ЖАСАЛАТЫНЫН ЖАҚСЫ БІЛГЕН ЖӨН. БҰЛ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МУФТИЯТ КЗ. РЕСМИ САЙТЫ ҚҰРБАН АЙТҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ КЕҢЕСТЕР БЕРЕДІ.**

Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Мұсылман адам қара бастың қамын ғана ойламауы тиіс. Өзім ғана ішсем, жесем, өзім тоқ болсам болды,

жерге түседі, олар соған қатты қуанады» деген.

Айт намазына барудың әдептеріне келер болсақ: «Пайғамбарымыз ораза айт намазына тамақ ішпей бармайтын, құрбан айт намазына тамақ ішпей баратын еді» дейді.

Бұл ұлық мерекеде мұсылман адам шамасы келгенше мешітке жаңа киім киіп, өтірленіп барған абзал. Имам Мәлік: «Мен ғалымдардың айт



# ҚҰРБАН АЙТТА

## МҰСЫЛМАНДАРЫҢ ЕҢ БАСТЫ МЕРЕКЕСІ

басқалар не болса ол болсын деген түсінік оған жат. Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «**Кершісі аш кезде өзі тоқ түнеген адам бізден емес**», «**Өзіңе тілеген жақсылықты басқаға да тілемейінше шынайы мұсылман бола алмайсың**», «**Шын мәнінде мұсылмандар бір-біріне бауыр**» деген. Пайғамбарымыздың хадистері күллі мұсылман жұртшылығын бір-біріне жанашыр болуға, қамқорлық жасауға, қиналғандарға көмектесуге, жағдайы нашарларға қарасуға, өзара мейірімді болуға шақырады.

Бабамыз Ибраһимнен бастау алған Құрбан айт ұлы күн болып саналады. Белгілі күндерді ұлықтау адам баласының тақуалығынан да хабар береді. Осы күндер Алланың рахымына жақындау үшін тақуалығы мен ықыласты арттыратын мезгіл. Бұл жайында Алла Тағала Құран Кәрімде: «**Кім Алланың белгілерін ұлықтаса, шындығында ол жүректің тақуалығынан, яғни тазалығынан – деп ұғынамыз.**

### АЙТ МЕРЕКЕСІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Жалпы мұсылман адам үшін осы дүниеде үш айт бар. Әрбір аптаның жұмасы айт, ал жылына екі рет келетін айттар ораза және құрбан айт күндері. Жұманың ерекше болуының бірден-бір себебі жұма күні Адам (а.с.) жаратылып, сол жұма күні пейішке кіргізілді. Осы жұма күні пейіштен шығарылды, қиямет күнінің сағаты да сол күні болады. Сондықтан жұма аптаның ішіндегі ұлық күн болса, құрбан айтты да жылдың ұлық күні деп қабылдаймыз. Себебі Пайғамбарымыз мүбәрәк хадисінде:

«Айт мейрамы негізінен мұсылман қауымы үшін ұлық мереке қуаныш. Пайғамбарымыз Медине қаласына қоныс аударып келгенде, Медине халқы бұрыннан қалған екі күнді таңдап алып тойлайтын болған. Олардың тойлап жүрген мейрамдарының орнына пайғамбарымыз «Шындығында Алла Тағала сендерге ол екі күннің орнына екі жақсы күн берді. Олар Ораза айтты мен Құрбан айтты» деп ескірген мереке күндерінің орнын ауыстырған.

«Алла Тағала алдындағы ең қайырлы күндер ол - құрбан айт күні мен зулхиджа айының 11-ші күні» деген.

Сонымен қатар Құран Кәрімнің Фәжр сүресінің 3-ші аятында Алла Тағала осы күндермен ант қылған.

### ЖҰПҚА ЖӘНЕ ТАҚҚА СЕРТ!

Ибн Аббас (Алла оған разы болсын) осы аятты тәпсірлегенде «шафғ» сөзіне құрбан күні «уәтр» сөзіне арафа күні деп түсінік берген. Осы күн ұлы қажылық күні деп те аталады. Себебі қажылық амалдарының басым көпшілігі осы күні өтеледі. Қажылар осы күні Муздалифадан Минаға барып шайтанға тас лақтырып, шаштарын қысқартып, құрбандықтарын шалып, ифада, яғни, парыз тауафын өтеп, Мина тауына Тәшриқ күндерін өткізу үшін барады. Осылайша ең негізгі амалдар орындалады. Сонымен қатар ташриқ күндері жайында Құран Кәрімнің Бақара сүресінің 203 аятында: «**Санаулы күндері Алла Тағаланы еске алыңдар**» деп көрсетілген. Ибн Аббас (Алла оған разы болсын) белгілі күндер ол - Зулхиджа айының 10 күні, санаулы күндер ол - ташриқ күндері деп түсіндірген. «**Ташриқ күндері тамақ, су ішу және Алла Тағаланы еске алу күндері**» деген. Басқа бір хадисте: «**Арафа, құрбан шалу және ташриқ айту күндері мұсылмандар арасында тамақ ішу күндері**» дейді.

### ҚҰРБАН АЙТ КҮНІ ЖАСАЛАТЫН ЕҢ АБЗАЛ АМАЛ

Айша (р.а.) анамыздан жеткен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «**Құрбан айт күні адам баласының ізгі амалының Алла Тағалаға ең сүйіктісі құрбандық қойды сою. Шындығында қиямет күні сол қойдың мүйізі, жүні және тұяқтары алып келінеді. Ағызылған қаны Алланың қалауымен жерге түспестен бұрын бір**

күндерінде жасанудың және хош иістер жағудың абзал екендігі туралы айтатынын естігенмін», – дейтін.

### ҚҰРБАН АЙТТА ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ ҮКІМІ

Ханафи мәзһабында құрбан айтта шамасы жеткендерге құрбан шалу – уәжіп.

Алла Тағала Құран Кәрімде пайғамбарымызға: «**Намаз оқы және құрбан шал**» – деп, өмір етіп, құрбан шалудың уәжіптігін білдірген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «**Кімде-кім мүмкін-шілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!**» – деп бұйырған.

Құрбан шалу кімге уәжіп? Құрбан шалу уәжіп болу үшін төмендегі мына шарттар болуы қажет.

1. Мұсылман болу;
2. Құрбан айт уақытында жолаушы болмау;
3. Негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын яки құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес.



Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені, малды ғибадат үшін соятыны сияқты, тек қана етін пайдалану үшін де союға болады.

**Ескерту:** Нисап мөлшерінде артық қаражаты болмаса да кедей мұсылман кісінің құрбан шалуына болады. Шалған құрбандығы нәпіл құрбан үкімінде болады.

### ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ УАҚЫТЫ

Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Қандай да бір маңызды шарғи себепке байланысты құрбан айт намазына бара алмай, айт намазын оқымаған кісі намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Айт намаздан бұрын шалынған мал құрбандық болып есептелмейді.

### ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМДЫ МАЛДАР

Қой, ешкі, сиыр және түйе малдарын ғана құрбандыққа шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты-жеті айлық тоқты бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал. Елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбан ретінде сойылмайды.

Қой немесе ешкіні тек бір адам құрбан ретінде шала алады. Ал сиыр немесе түйені яғни, бірі қараны бір кісінің жалғыз өзі үшін шалуына болады. Сондай-ақ жеті кісіге арнап, ортақ шалуларына болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта

әрбір адам құрбан шалу ниетімен ортақтасуы керек. Бір кісі құрбан үшін, ал екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбан болып есептелмейді.

### ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМАЙТЫН МАЛДАР

Мынадай кемшілігі бар малдар құрбандыққа жарамсыз болып саналады.

- Бір көзі соқыр;
- Сойылатын жерге жете алмайтын дәрежеде көтерем;
- Құлағы немесе құйрығы тумадан жоқ немесе басым бөлігі кесілген;
- Тістерінің көбі түсіп қалған;
- Емшектерінің басы жұлынып қалған;
- Бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған.

Құрбан шалуы уәжіп болған кісінің құрбандық малында аталмыш кемшіліктердің біреуі сатып алғаннан кейін пайда болса немесе алған малы өліп қалса, қайтадан құрбандыққа жарайтын мал сатып алып шалуы керек. Ал құрбан шалу уәжіп болмаса да, сауап үшін шалуды ниет ет-

Одан кейін: «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар илаһа иллаллаһу, уАллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллаһил-хамд» – деп, төкбір айтып, «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» – деп бауыздалады. Тек қана құрбанның иесінің ғана «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деуі жеткілікті емес. Құрбанды бауыздаған адам да «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деуі керек. Өдейі ұмытпастан «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деп айтпаса, құрбанның етін жеуге болмайды. Өйткені, Алланың аты айтылып, бауыздалмаған малдың етін жеу – харам. Құрбанның иесі құрбанды бауыздайын деп жатқан қасаптың қолының үстіне қолын қойып, бірге бауыздаса, екеуінің де «Бисмиллаһи» деп айтулары керек. Сойылатын мал құрбан ниетімен бауыздалу керек.

• Малдың жаны шыққаннан кейін барып қана терісі сыпырылады. Жаны шықпай жатып басын кесіп алып тастау немесе терісін сыпыру – мәкрұһ.

### ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНҒАН МАЛДЫҢ ЕТІ МЕН ТЕРІСІ

Бай немесе кедей болсын құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі. Бірақ шалынған малды түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға болатыны сияқты, түгелдей өзінің отбасына қалдыра алады.

Құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақтарын, басын және сүтін сату – мәкрұһ. Құрбан малының аталмыш бөлшектері сатылған жағдайда құны кедейлерге садақа ретінде беріледі. Құрбандыққа шалынған малдың терісін кедейлерге, қайырымдылық қорларына беруге болады.

### КӨЗ ЖҰМҒАН КІСІ ҮШІН ҚҰРБАН ШАЛУҒА БОЛА МА?

Өлген кісі өзінің атына құрбан шалуды тапсырып кетпесе де, сауабын өліге бағыштау ниетімен құрбан айт күндерінде құрбан шалуға болады. Шалған құрбанының етінен жеуіне рұқсат. Бірақ өлінің тапсырып кеткен өсиетін орындау ниетімен шалған құрбанының етінен жеуге болмайды. Етін толық садақа ретінде тарату керек.

### ҚУАНЫШ, ШАТТЫҚ КӨРІНІС ТАБУ

Айт барша мұсылмандардың мерекесі болғандықтан, оны еңбектеген баладан еңкейген шалға дейін сезінуі тиіс. Сыйлықтар таратылып, мерекелік мәдени шаралар ұйымдастырылуы абзал амалдардан. Жүзден аса ұлт өкілі тұрып жатқан әлеміздегі әрбір азамат осы мерекенің лебін сезінуі қажет. Ұлтаралық, дінаралық байланысты күшейту мақсатында айт мейрамына орай құттықтаулар таратылып, арнайы дастархан жайылады. Солардың бірі – айттық сұрау. Айт мерекесімен құттықтап, айттық сұраған жанды қазақ бетін қайтармай қолда бар сыйлықтарын аямаған. Міне, бұл гасырлар өте дәстүрге айналып, бүлдіршіндер үшін айттың бір керемет көрінісі болып есте қалған.

Намаз біткен соң мұсылмандар қол алысып, төс қағысып, бір-бірін Айт мерекесімен құттықтайды, жақсы тілектерін айтады. Ренжісіп қалған ағайын-туыс, жора-жолдас бір-бірінен келірім сұрап жарасады. Ал әйелдер қауымы үйде қазан асып, дастарқан жайып, айттық шай әзірлейді. Көрші-қолаң бір-бірінің үйіне кіріп дәм ауыз тиеді, шаңырақ иесіне аман-саулық тілеп, айтпен құттықтайды.

Айт мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігі - қуаныш-шаттықпен бірге Аллаға деген құлшылықтың қатар жүруінде, суып бара жатқан туыстық қатынастардың қайта жандануы, ашу-ыза кернеген жүректердің жібіп, Алланың рақымын талап етуі.

## Дүйсенбі - Понедельник, 25 мамыр

### ХАБАР

05.00 телехикая «Фатмагүл»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Мультсериал «Турбозаврлар»  
10.00, 20.00 телехикая  
12.00 «Cover show»  
«эшрефтің арманы»  
14.00 «Әлеумет»  
15.00 Худ. фильм «Крид: наследие рокки»  
14.30 «Кезқарас»  
17.00 сериал «Мечта эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 Кешгес  
23.00 худ. фильм «Крид-2»

15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Шашу»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 «DARA LINE»  
17.00 «Жетісу жақұты»  
17.30 «Әсем әуен»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Фибрат»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «АІ әлем»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Күн болам»  
22.40 «Әсем әуен»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Koremix-шоу»  
07.00 «қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.45 «Пусть говорят»  
13.20 «Аналитика»  
14.10 «Жаңалықтар»  
14.20 «Новости»  
14.30 Qoslike  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Koremix-шоу»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 сериал «Первый отдел-5»  
01.30 «Главные новости»  
02.05 Ночной кинотеатр  
03.10 «Басты жаңалықтар»  
03.35 «Паутина»

### 31 КАНАЛ

06.00.04.00 «әзіл студио»  
06.30, 05.20 «ризамын»  
07.00 «тәтті шоу» ойын-сауық  
08.00, 01.20 «31 әзіл»  
09.00 мультсериал «аватар: легенда об аанге»  
09.30 мультсериал «губка боб»  
10.00 мультсериал «пингвины мадагаскара»  
10.50 мультсериал «кунгфу панда»  
11.40 худ. фильм «заманваск»  
13.40 худ. фильм «между небом и землей»  
15.40 худ. фильм «неудержимый»  
17.30 худ. фильм «человек-паук»  
20.00 информбюро (рус. каз.)  
21.00 худ. фильм «час расплаты»  
23.20 худ. фильм «красная жара»  
02.40 «time vine» ойын-сауық  
03.00 «tik tok show» ойын-сауық  
03.20.05.00 «what's up?»  
04.20 «1001 әзіл» ойын-сауық  
04.30 телевикторина

### КТК

07.05 «Әнім сен едің», ойын-сауық  
08.00 «Өмір сынақ», отандық телехикаясы  
09.40 «реальная мистика», реалити-шоу  
13.40 сериал «Реванш»  
16.30 сериал «Дворняжка ляля»  
18.30 сериал «Однажды в Чукурова»  
20.30 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Клан ювелиров»  
23.40 сериал «Шеф-7»  
01.40 сериал «Дворняжка ляля»  
03.10 «Өмір сынақ», отандық телехикаясы. (қайталау)  
04.25 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
04.50 «Ктк қоржыны»  
05.30 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)

### 7 КАНАЛ

06.02 телехикая «ата-ана, бала-шаға»  
07.00, 22.00 телехикая «үзілген жапырақтар»  
08.50 «әңгімесі ауылдың...» телехикая  
10.00 телехикая «алыс шаһар»  
11.00, 12.00, 17.00, 18.30, 01.40 телесериал  
13.00 жаңалықтар  
13.15 новости  
13.30 телехикая «өмірші әиел»  
15.00 «тойхана».  
18.00 жаңалықтар.  
19.30 новости. прямой эфир  
20.00 сериал «ветренный»  
21.00 сериал «далекий город»  
23.30 телехикая «тәуіп хо жун»  
00.50, 05.00 жаңалықтар  
01.15, 05.25 новости  
03.10 гүл-гүл шоу  
03.50 жарқыраған жұлдыз  
04.20 жұлдызды шаңырақта

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.05 «Ұлт ұяты»  
10.00 «Угәгәй melody»  
11.00 «Бір шәугім шай»  
11.40 Д/ф «АІ әлем»  
12.05 «Әсем әуен»  
13.05 «Единый народ»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.00 «Әзекжарды»  
14.30 «Арнайы репортаж»

## Сейсенбі - Вторник, 26 мамыр

### ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Мультсериал «Турбозавры»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая «КЕЛІНЖАН»  
13.00 ОйнаQ  
14.00 «Народный контроль»  
14.30 Пульс планеты  
15.00 Худ. фильм «Крид-2»  
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
14.45 Жер-жаһан  
19.30 Жаңалықтар  
23.00 Худ. фильм «Крид-3»  
22.00 «КешREC»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Көреміз -шоу»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 Сериал «Позднее раскаяние»  
14.10 Жаңалықтар  
14.20 Новости  
14.30 Қослайк  
18.30 Басты жаңалықтар  
19.00 Көреміз шоу  
20.00 Главные новости  
20.30 Сериал «Первый отдел-5»  
01.30 Главные новости  
02.05 Ночной кинотеатр  
03.10 Басты жаңалықтар  
03.35 Паутина

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30 Әнім сен едің  
07.50 Отандық телехикая  
09.20 Новости  
10.00 Сериал «Шеф-7»  
12.10 Сериал «Клан ювелиров»  
14.10 Сериал «Реванш»  
16.40 Сериал «Дворняжка Ляля»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
20.30 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Клан ювелтров»  
23.40 Сериал «Шеф-7»  
01.40 Сериал «Дворняжка Ляля»  
03.15 Өмір-сынақ  
04.35 Кешкі жаңалықтар  
05.00 «КТК қоржыны»  
06.00 «Әнім сен едің»

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Көрінбейтін көмекші»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Тәртіп»  
12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/

12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 аймақ»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.30 «Фибрат»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Күн болам»  
17.00 «Дала сыры»  
17.20 «Әсем әуен»  
18.00 «19 регион» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
19.45 «Әсем әуен»  
20.15 Д/ф «Тәртіп»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Жолбарыс»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Менің ағам -агент»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.15 «Әу» де»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.)  
08.00, 01.20 «31 әзіл»  
09.00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.40 Мультсериал «Губка Боб»  
10.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
11.20 Мультсериал «Кунгфу Панда»  
12.10 Худ. фильм «Притворись моей женой»  
14.30 Худ. фильм  
17.20 Худ. фильм «Человек паук-2»  
21.00 Худ. фильм «Соепой мечь»  
22.30 Худ. фильм «Терминатор 2: Судный день»  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up?»  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина

### 7 КАНАЛ

06.02 Телехикая  
07.00, 22.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.50, 23.30 Телехикая  
10.00 Телехикая «Алыс шаһар»  
11.00, 12.00, 17.00, 18.30, 01.40 Телесериал  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 Телехикая «Қайсар жүрек»  
14.40 Телехикая «Кеш келген махаббат»  
16.30 Мультсериал  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
20.00 Сериал «Ветренный»  
21.00 Сериал «Далекий город»  
00.50, 05.00 Жаңалықтар  
01.15, 05.25 Новости  
03.10 Гүл-гүл шоу  
03.50 Жарқыраған жұлдыз  
04.20 Жұлдызды шаңырақта

## Сәрсенбі - Среда, 27 мамыр

### ХАБАР

05.00 Телехикая «Фатмагүл»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Мультсериал «Турбозавры»  
10.00, 20.00 Телехикая «Эшрефтің арманы»  
12.00 Телехикая «Келінжан»  
13.00 «ОйнаQ»  
14.00 «Біздің назарда»  
14.30 Пульс планеты  
14.45 Жер-жаһан  
15.00 Худ. фильм «Крид3»  
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC»  
23.00 Худ. фильм «Робоккоп»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Көреміз-шоу  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 Доброе утро, Казахстан!  
10.00 Худ. фильм «Оттепель»  
12.00 Смотрим наше кино вместе  
14.30 Қослайк  
18.30 Басты жаңалықтар  
19.00 Көреміз шоу  
20.00 «Главные новости»  
20.30 Сериал «Первый отдел-5»  
01.30 Главные новости  
02.05 Ночной кинотеатр.  
03.10 Басты жаңалықтар  
03.35 Паутина
